

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау жөніндегі келісім

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 439 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау жөніндегі келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 20 шілдедегі
№ 439 қаулысымен
мақұлданған

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау жөніндегі келісім

(2017 жылғы 3 тамызда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2017 ж., № 5, 64-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі

екі мемлекет арасындағы стратегиялық әріптестік қатынастар мен ынтымақтастықты одан әрі дамыту және нығайту мақсатында

халықаралық құқықтың жалпыға бірдей қабылданған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып,

Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау үшін бүгінгі және келешек ұрпақ алдындағы өз жауапкершілігін сезіне отырып,

ұзақ мерзімді ынтымақтастықты орнатуға және Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау саласындағы мәселелерді реттеуге ықпал етуге ниеттене отырып,

Ең алдымен суда жүзетін құстардың тіршілік ету орны ретінде халықаралық мәні бар сулы-батпақты алқаптар туралы 1971 жылғы 2 ақпандағы конвенцияны, Өнеркәсіптік авариялардың трансшекарааралық әсері туралы 1992 жылғы 17 наурыздағы конвенцияны, Траншекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді

қорғау және пайдалану туралы 1992 жылғы 17 наурыздағы конвенцияны, Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы 1992 жылғы 9 мамырдағы негіздемелік конвенциясын, Биологиялық сан алуандық туралы 1992 жылғы 5 маусымдағы Конвенциясын, Біріккен Ұлттар Ұйымының Күрделі қуаңшылық және/немесе шөлейттенуден қиындық көріп жүрген елдерде, әсіресе Африкада шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі 1994 жылғы 17 маусымдағы конвенциясын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік авариялардың, апаттардың, дүлей зілзалалардың алдын алу және олардың зардаптарын жою саласындағы ынтымақтастық туралы 1994 жылғы 28 наурыздағы келісімді, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы 2004 жылғы 22 желтоқсандағы келісім, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Траншекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау туралы 2010 жылғы 7 қыркүйектегі келісімді негізге ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім Тараптардың Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау жөніндегі қызметін регламенттейді.

2-бап

Осы Келісімде қолданылатын негізгі ұғымдар мен анықтамалар:

а) "Жайық трансшекаралық өзенінің алабы" – гидравликалық жағынан байланысты су айдындары мен ағын сулар арқылы Жайық өзеніне ағатын су жинау аумағы;

ә) "Жайық трансшекаралық өзені" – Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы мемлекеттік шекара сызығын кесіп өтетін немесе мемлекеттік шекара сызығында орналасқан өзен;

б) "трансшекаралық әсер ету" – трансшекаралық сулардың жай-күйінің адам әрекетінен болатын өзгеруі нәтижесінде туындайтын, физикалық көзі толық немесе ішінара Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында орналасқан, екінші Тарап мемлекетінің қоршаған ортасы үшін кез келген елеулі зиянды салдар;

в) "экожүйе" (экологиялық жүйе) – бірыңғай функционалдық тұтастық ретінде өзара әрекетте болатын организмдердің және солар мекендейтін ортаның өзара байланыстағы жиынтығы.

3-бап

Тараптар мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады:

- а) Жайық өзені бассейнінің экожүйесін жақсарту және трансшекаралық ластануын болдырмау жөніндегі бірлескен әрекеттерді және іс-шаралар жоспарын дайындау;
- ә) Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау саласында жаңа технологияларды қолдануға ықпал ету;
- б) Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау саласында ғылыми-зерттеу ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктер ынтымақтастығына ықпал ету;
- в) Тұяқты жануарларды, суда жүзетін балық пен құстарды қоса алғанда, Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің жануарлар әлемін сақтау бойынша ұсыныстар дайындау;
- г) Жайық трансшекаралық өзенінің алқаптық бөлігінде заңсыз орман шабу, орман зиянкестері мен аурулары және ормандардың өртенуімен күресу жөнінде ұсыныстар дайындау;
- ғ) Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің орманды өңірін көбейту жөнінде іс-шаралар ұйымдастыруға ықпал ету;
- д) Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау жөніндегі шаралар туралы Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес жұртшылықты хабардар ету;
- е) Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін климаттың өзгеруіне бейімдеу жөнінде ұсыныстарды дайындау;
- ж) Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін нүктелік көздерден, сол сияқты диффуздық көздерден, ластау жүктемесін азайту жөнінде іс-шаралар ұйымдастыруға ықпал ету;
- з) Жайық трансшекаралық өзені бассейні экожүйесінің жай-күйі туралы ақпарат алмасу және Жайық трансшекаралық өзенінің бассейнінде төтенше жағдайлар туындаған кезде оның трансшекаралық әсерін жою мен азайту жөніндегі Тараптардың бірлескен шараларды қабылдау тетігін жасауы;
- и) Өзара қызығушылық тудыратын өзге де ынтымақтастық салалары.

4-бап

Жайық трансшекаралық өзенінің су ресурстарын сақтау, қорғау және қалпына келтіру саласындағы ынтымақтастық 2010 жылғы 7 қыркүйекте Өскемен қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау туралы келісім шеңберінде жүзеге асырылады.

5-бап

Осы Келісімді іске асыру Тараптардың құзыретті органдары:

Қазақстан тарапынан – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі;

Ресей тарапынан – Ресей Федерациясының Табиғи ресурстар және экология министрлігі болып табылады.

Тараптардың Құзыретті органдарының атауы мен функциялары өзгерген жағдайда, Тараптар бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді.

6-бап

Осы Келісімді үйлестіру және іске асыру мақсатында Тараптар Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау жөніндегі Қазақстан-Ресей комиссиясын (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

Комиссия Тараптар тағайындайтын екі тең төрағаның басшылығымен жұмыс істейді.

Комиссия құрамын Тараптардың тең өкілеттілігі қағидаты негізінде тең төрағалар анықтайды.

Комиссия өзінің отырыстарын жылына кемінде бір рет өткізеді. Комиссияның бірінші отырысы тең төрағаларды тағайындау туралы тараптардың өзара хабарламасынан кейін алты айдан кешіктірмей өткізіледі.

Комиссия отырыстары Тараптар мемлекеттерінің аумағында кезекпен өткізіледі.

Комиссия шешімдері хаттамалармен ресімделеді.

Комиссияның және оның жұмыс органдарының жұмыс тәртібі Комиссия қабылдайтын Ережемен регламенттеледі.

Комиссия қажеттілігіне қарай өз қызметін оның басшылығымен жүзеге асыратын жұмыс топтарын құрады, сондай-ақ Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау мәселелері бойынша құзыретті халықаралық ұйымдар және донорлармен өзара іс-қимыл жасайды.

Комиссия отырысын ұйымдастыру және өткізу бойынша шығыстарды қабылдаушы тарап көтереді. Комиссия отырысына өз өкілдерінің қатысуына байланысты шығыстарды жіберуші Тарап көтереді.

7-бап

Комиссия функциялары:

- а) осы Келісімді іске асыру бойынша іс-қимылды үйлестіру;
- ә) осы Келісімнің 3-бабында тізбеленген бағыттар бойынша ынтымақтастықты Тараптардың жүзеге асыру тәртібін айқындау;
- б) осы Келісімді орындауға байланысты өзге де функциялар.

8-бап

Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

9-бап

Егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, Тараптардың әрқайсысы осы Келісімді іске асыру шеңберінде басқа Тараптан өзі алған ақпаратты үшінші тарапқа бермеуге міндеттенеді.

10-бап

Тараптар осы Келісімді іске асыруға байланысты қаржылық шығыстарды Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында көзделген қаражат шегінде өздері көтереді.

11-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша Осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылады.

12-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолданған кезде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер немесе консультациялар жүргізу арқылы шешеді.

13-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірде-біреуі кезекті кезең аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын басқа Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы өзінің оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жібермесе, келесі бес жылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

2016 жылғы 4 қазанда Астана қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК